



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 15/15
15 қазан



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Жаңалықтар

Қала жаңалықтар

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК-тің VI саммитіне қатысты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммиті басталды.

Қазақстан Президенті өз сөзінде саммитке қатысушы мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдіріп, бұл Кеңесті құру туралы бастаманың көтерілгеніне 30 жыл толып отырғанын атап өтті. Осы кезеңде АӨСШК көпжақты ынтымақтастық платформасына және халықаралық заманауи дипломатия институтына айналды. Мемлекет басшысы ұйымға мүше мемлекеттердің қатарына кірген Кувейтті арнайы құттықтады.

Сонымен қатар әлемдегі геосаяси жағдайға ерекше назар аударды.

– Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Бұл құбылыс қазірдің өзінде «жаһандық дисфункция» деп аталды. АӨСШК-тің бұған дейінгі 2019 жылы өткен саммитінен бері әлемдік қоғамдастық ауыр сынақтарды бастан өткерді. Оның салдары жаһандық дамуға әлі де әсер етіп отыр. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу. Көпжақты механизмдерге тың серпін беру және ашық диалогқа оралу аса маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Оның айтуынша, Азия адамзат өркениетінің дамуына зор үлес қосты. Мыңдаған жылдар бойы біздің макроөңірдегі мемлекеттер бүкіл адамзаттың қоғамдық, мәдени, технологиялық дамуының негізгі қозғаушы күші болды.

– XXI ғасыр Азия ғасыры болады деген болжам бүгінде шындыққа айналды. Азия номиналды жалпы ішкі өнім мен сатып алу мүмкіндігі бойынша әлемдік экономикалық көшбасшы ретінде мойындалды. Аймақ айтарлықтай адами және табиғи ресурстарға

ие. Әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен Азияның болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде АӨСШК аясындағы үдерісті одан әрі ілгерілетуге бағытталған күш-жігерді арттыру міндетін өзіне алып отыр. Былтыр АӨСШК-тің сенім шараларының каталогы қайта қаралды. Оған эпидемиологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау және фармацевтика, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қауіпсіздігі сияқты ынтымақтастықтың жаңа басым бағыттары енгізілді.

– АӨСШК-тің талдау орталықтарының форумы Азияның түпкір-түпкірінен келген жас сарапшылар мен мамандарға тәжірибе, идея алмасу және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін әмбебап платформа болады. Биыл Астанада АӨСШК-тің Іскерлік кеңесі мен Бизнес форумы, сондай-ақ АӨСШК Жастар кеңесінің бесінші отырысы өтті. Бүгін АӨСШК Қоры құрылады. Оның мақсаты – АӨСШК жобаларын іріктеуге және оларды жүзеге асыруға ерікті түрде қаражат жинаудың арнайы тетіктерін қалыптастыру. Сондай-ақ бақылаушылар мен серіктестердің саны артып келеді. Түрікменстан АӨСШК-ке бақылаушы ел ретінде қосылды. Еуразиялық экономикалық одақпен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен (АСЕАН) ынтымақтастық орнату туралы шешім қабылданды, – деді Мемлекет басшысы.

akorda.kz

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30-жылдығына орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанның Бірлескен мәлімдемесі

2022 жылғы 12-13 қазан күндері Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Түркия Республикасы Президенті Режеп Тайип Ердоған Қазақстанға мемлекеттік сапарын жүзеге асырды.

Түркия Республикасының Президенті Р.Т.Ердоғанның Қазақстанға сапары барысында өткен Жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-ші отырысы елдер арасындағы ықпалдастықты нығайтуға жасалған маңызды қадам болды.

Президенттер (бұдан әрі-Тараптар) бұл сапардың екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосатынына сенім білдіріп, мемлекеттер арасындағы саяси диалогты түрлі деңгейдегі өзара сапарлар мен кездесулер арқылы жалғастырудың қажеттігін атап өтті.

Өзара достық пен түсіністік жағдайында өткен кездесулер барысында Тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мүмкіндіктерін қарастырып, өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Тараптар 2022 жылғы 2 наурызда Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30-жылдығы аталып өткенін назарға ала отырып, төмендегілерді мәлімдейді:

30 жылда ортақ тарих, тіл мен мәдениетке негізделген достық пен бауырластық байланыстарға, тығыз саяси диалог пен көп қырлы ынтымақтастықтың даму қарқынына қанағаттанушылықтарын білдірді.

Екі ел арасындағы жан-жақты ықпалдастықты нығайтып, дамытуда 1994 жылғы 17 қазандағы Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы келісім мен 2009 жылғы 22 қазандағы Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімдер маңызды рөл атқаратынын растады.

Осы ретте, Түркия мен Қазақстан арасында мемлекетаралық ынтымақтастықтың барлық салаларын реттейтін ауқымды шарттық-құқықтық база қалыптасқанын атап өтті.



2021 жылы Түркия Қазақстанның ең ірі сауда серіктестері арасында 5-ші орынды иеленді. Тараптар, екіжақты сауда көлемінің тұрақты түрде артуын қанағаттанушылықпен атап өтіп, алдағы жылдарда сауда көлемін теңгерімді түрде 10 млрд. долл. жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдау қажеттігін атап көрсетті.

2022 жылғы 4 наурыз күні Астана қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Түркия-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының 12-ші отырысының өткізілгенін қанағаттанушылықпен атап өтіп, отырыс соңында қол қойылған Іс-әрекет жоспарының маңыздылығына тоқталып өтті.

Тараптар Транскаспий Шығыс-Батыс Орта дөліз арқылы жүк тасымалының ұлғаюын құптай отырып, көлік және логистика саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға уағдаласты. Транскаспий бағытын және Баку-Тбилиси-Карс жаңа желісін тиімді пайдалану үшін тиісті мекемелер арасындағы үйлестіруді күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

Екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңызды бөлігі болып табылатын өзара достық пен бауырластыққа негізделген мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастардың да қарқынды дамып келе жатқанына қанағаттанушылық білдірді.

Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты тереңдету және осы мақсатта бірлескен өндірісті қоса алғанда, әртүрлі ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастыру және жүзеге асыруға келісті. Осы Бірлескен мәлімдеме 2022 жылғы 12 қазанда Астана қаласында қазақ және түрік тілдерінде қабылданды.

akorda.kz

Бөліп төлеу VS Кредит: оны дұрыс пайдаланудың және кредиттік кіріптарлыққа түспеудің жолы

Бөліп төлеу бір қарағанда ыңғайлы құрал сияқты болып көрінеді: сатып алушы тауарға немесе көрсетілетін қызмет үшін артық төлемсіз бөліктермен төлей отырып, қалаған затын бірден алады.

Бөліп төлеу талаптары сатушы мен сатып алушының арасындағы шартта ұсынылады, онда төлемдердің мерзімі, мөлшері және кестесі көрсетіледі. Сатып алушы тауардың барлық құнын төлеп болғаннан кейін ғана оны меншігіне алады. Ол мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздар мен айыппұлдар төлемейді. Сатып алушы мен сатушының арасында делдал - банк болатын бөліп төлеу түрі бар.

Бөліп төлеудің кредиттен басты айырмашылығы бөліп төлеуді қолма-қол ақшамен алмайды, оны нақты бір зат (тұрмыстық техника, киім-кешек, телефон және т.б.) сатып алу үшін береді. Ал егер де сіз мысалға, банктен кредитті қолма-қол ақшамен алған болсаңыз, онда алған қаражатты бірден жұмсауға міндетті емессіз.

Бұл жерде бөліп төлеу ресімдеу үшін талаптардың әртүрлі болатынын ескеріңіз. Мәселен, банк талап ететін құжаттардың тізімі стандартты болып келеді – байланыс деректері, электрондық мекенжай, ЖСН. Ал дүкен, егер ол әріптес-банкпен кредиттік шарт ресімдеген болса, қосымша деректер ұсынуы талап етуі мүмкін, ол тұрғылықты жері бойынша тіркелуді растау, кепілгерлік шарты және т.б.

Неліктен бөліп төлеу сатушылар үшін тиімді?

Бөліп төлеу мен тұтынушылық кредиттердің арқасында адамдар әлдеқайда көп сауда жасайды, нәтижесінде сатушылардың пайдасы арта түседі, яғни осылайша тауар көп сатылады. Әсіресе бөліп төлеу арқылы тұтынушылық тауарлар: тұрмыстық техника, құрылыс материалдары, киім, аяқ киім, кейде үлкен сомаға азық-түлік те жақсы сатылады. Мұнда «қазір тауар, ақша кейін» психологиясы сәтті жұмыс істеуде.

Кейбір жағдайларда дүкендер бөліп төлеуді ресімдеген кезде соманың 20-50% мөлшерінде бастапқы жарнаны, ал қалғанын белгілі бір мерзім ішінде, 2-3 айдан бір жылға дейін төлеуді талап етеді. Әдетте ай сайынғы төлемдер соншалықты көп болмайды, сондықтан сатып алушының қалтасына қатты салмақ түспейді. Ал адам бірнеше бөліп төлеу ресімдеп, өзіне шамадан тыс жүктеле алса, онда ол басқа әңгіме. Жоспарсыз, кенеттен жасалған сатып алулар тұтынушыны ұзақ уақыт бойы кредиттік кіріптарлыққа әкелуі мүмкін.

Бөліп төлеудің «артықшылықтары»:

- қолыңызда қажетті сома болмаса да қымбат тауар сатып алу мүмкіндігі;
- бөліп төлеу кезеңінде сатып алынатын тауарды «осы жерде және қазір» пайдалануға болады;
- бөліп төлеуде кредиттік пайыздар болмайды;
- ресімдеу ыңғайлылығы – сатып алушыға құжаттар жинап, банкке хабарласудың қажеті жоқ. Бүгін барлық қажетті құжаттарды бірден дүкенде, оның ішінде онлайн ресімдеуге болады.

Бөліп төлеудің «кемшіліктері»:

- бөліп төлеудің қысқа мерзімі. Кредит, әдетте, ұзақ мерзімге, бөліп төлеу – бірнеше айға беріледі;
- ай сайынғы жарна сомасының үлкен мөлшері. Сондықтан, тұрақты төлем мөлшерінің қомақты болуына байланысты бөліп төлеу барлығына қол жетімді болмауы мүмкін;
- бастапқы жарна енгізу қажеттілігі;
- дүкен өтпей, жатып қалған тауарлардан құтылу үшін, сондай-ақ маусымдық тауарларды (мысалы тондарды) сату кезінде бөліп төлеуді ұсынуы мүмкін;
- «бөліп төлеу оңай» деген сезім негізсіз шығындарға, қажетсіз сауда жасауға әкеледі.

Бөліп төлеу – кредит пе?

Есіңізде болсын, бөліп төлеуді ұсынатын дүкен кейбір жағдайларда тауарлардың бағасын алдын-ала 10-20%-ға көтеріп, содан кейін банкке сол мөлшерде пайызсыз бөліп төлеу жеңілдігін береді. Сондықтан өзіңізді қызықтырған тауардың нарықтағы құнын әртүрлі дүкендерден тексеріп алыңыз. Мұндай сатып алу тауар үшін артық төлемсіз, бөліп төлеу сияқты көрінгенмен, негізінде сатып алушы банк алдында өзіне кредиттік міндеттеме алады. Яғни, бөліп төлеу бұл жерде кәдімгі маркетингтік амал.

Мысалы, сіз кір жуатын машина сатып аласыз. Тұрмыстық техника дүкенінде сізге оны пайызсыз 10 айға бөліп төлеуді ұсынады. Іс жүзінде банк сізбен кредиттік шарт ресімдеп, онда пайыздық мөлшерлеме көрсетіледі. Пайыздар бойынша төлемдердің жалпы сомасын дүкен тоназдықшықа берілетін жеңілдік түрінде ресімдейді, бұл жеңілдік аталған пайыздардың сомасын өтейтін болады. Сонымен, сізге кір машинасын 200 мың теңгеге сатады – бұл соманы әріптес банк сізге кредитке береді және 10 айдың ішінде ол бойынша 40 мың теңге пайыз жиналады. Дүкен оларды жеңілдік түрінде ресімдейді.

Осылайша, бөліп төлеуді кредиттен ажыратуға көмектесетін – шарт. Сондықтан әрқашан шартты мұқият оқыңыз, оның әрбір тармағын зерттеп шығыңыз.

Қаржылық және заңды жауапкершілік түбінде тек сізге ғана жүктеледі!

Бөліп төлеу мен кредит – бұл үлкен жауапкершілік!

Сіздің бөліп төлеу ресімдеуіңіз бе әлде кредит ресімдеуіңіз бе бұл маңызды емес, алайда оларды төлемесеңіз, қиындықтарға тап болуыңыз әбден мүмкін. Мысалы, сізді бөліп төлеу туралы шарт бойынша төлемегеніңіз үшін сотқа беруі мүмкін. Кредиттік шарт бойынша төлемеген жағдайда, кредитор міндеттемелердің орындалмағаны туралы ақпаратты кредиттік бюроларға жолдауға міндетті және бұл ақпарат сіздің кредиттік тарихыңызда көрсетіледі. Кредитор сондай-ақ төлем талабын (егер бұл шара шартта ескертілген болса) қоюы мүмкін және борышкердің қосымша келісімінсіз банк шотынан белгілі бір сома есептен шығарылады. Кредитор берешекті коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруі мүмкін. Сондықтан да, борыштарыңызды уақтылы өтеуді кейінге қалдырмаңыз!

Егер сіздің қаржылық жағдайыңыз қиындап, кредитіңіздің мерзімін өткізіп алсаңыз, онда сіз өз қарызыңызды қайта құрылымдау жөніндегі мәселелерді тікелей кредиторлармен шеше алатыныңызды ұмытпаңыз.

Еске сала кетейік, 2021 жылғы 1 қазаннан бастап банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін азаматтардың банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешегін реттеудің бірыңғай міндетті тәртібі енгізілді. Тәртіп кредитордың тарапынан қарыз алушының ағымдағы төлем қабілеттілігіне сәйкес қарызды қайта құрылымдауға өтінішін қарау жөніндегі жұмыстың жүргізілуін көздейді.

Қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz сайтымен бірге арттырыңыз!

Рассрочка VS Кредит: как правильно пользоваться и не попасть в долговую яму

Рассрочка кажется удобным инструментом: покупатель получает желаемое сразу, оплачивая товары и услуги частями, без переплаты.

Условия рассрочки представлены в договоре между продавцом и покупателем, в котором указываются срок, размер и график платежей. Покупатель становится собственником только после выплаты всей стоимости товара. Он не платит проценты и штрафы за просрочку. Существует тип рассрочки, при которой в качестве посредника между покупателем и продавцом выступает банк.

Главным отличием рассрочки от кредита является то, что рассрочку не получают наличными, ее предоставляют на покупку чего-то конкретного (бытовой техники, одежды, телефона и т.д.). А если вы взяли, к примеру, кредит наличными в банке, то тратить полученные средства сразу вы не обязаны.

Учтите, что требования для оформления рассрочки могут быть разными. К примеру, у банка список документов обычно стандартный – контактные данные, электронный адрес и ИИН. Магазин же, если он не оформляет кредитный договор с банком-партнером, может потребовать представить дополнительные данные, к примеру, подтверждение регистрации по месту жительства, договор поручительства и т.д.



FinGramota
Повышение финансовой грамотности населения

Почему рассрочка выгодна для продавцов?

Благодаря рассрочкам и потребительским кредитам люди покупают значительно больше, в итоге прибыль продавцов растет, то есть можно таким образом продать намного больше товара. Особенно хорошо реализуются по рассрочке потребительские товары: бытовая техника, стройматериалы, одежда, обувь, а порой и продукты на крупную сумму. Здесь успешно работает психология «товар сейчас, а деньги потом».

В некоторых случаях магазины при оформлении рассрочки требуют внести первоначальный взнос в размере 20-50% от суммы, а остальное – частями в течение определенного срока – от 2-3 месяцев до года. Обычно ежемесячные выплаты не такие большие по сумме и потому не являются большим грузом для покупателя. Другое дело, когда человек сам нагружает себя сразу несколькими рассрочками. Потребитель, увлекшись спонтанными покупками, может надолго попасть в кредитную кабалу.

«Плюсы» рассрочки:

- возможность купить дорогой товар, не имея необходимой суммы;
- на период рассрочки можно пользоваться приобретаемым товаром «здесь и сейчас»;
- рассрочка не предполагает кредитных процентов;
- удобство оформления – покупателю не нужно самому собирать документы и обращаться в банк. Сегодня оформить все необходимые документы можно сразу в магазине, в том числе онлайн.

«Минусы» рассрочки:

- небольшой срок предоставления рассрочки. Кредит обычно выдается на большой срок, рассрочка – на несколько месяцев;
- большой размер суммы ежемесячного взноса. Поэтому рассрочка может быть менее доступной ввиду больших регулярных платежей;
- необходимость делать первый взнос;
- магазин может предлагать рассрочку, чтобы избавиться от залежавшегося товара, а также при продаже сезонных товаров (к примеру, шуб);
- ощущение, что совершать покупки в рассрочку легко, влечет за собой необоснованные траты, лишние покупки.

Когда рассрочку маскируют под кредит?

Учтите, что магазин, предлагая рассрочку, в некоторых случаях может заранее поднять цены на товары на 10-20%, а потом сделать скидку банку для беспроцентной рассрочки в том же размере. Поэтому проверяйте стоимость интересующего вас товара на рынке, в разных магазинах.

И хотя такая покупка выглядит как рассрочка, без переплаты за товар, формально покупатель берет на себя кредитные обязательства перед банком. Получается, что рассрочка здесь – просто маркетинговая уловка.

К примеру, вы покупаете стиральную машину. Вам в магазине бытовой техники предлагают ее в рассрочку без процентов на 10 месяцев. На самом деле банк оформляет с вами кредитный договор, в котором указана процентная ставка. Общую сумму выплат по процентам магазин оформляет в виде скидки на холодильник, которая покрывает сумму этих процентов. Так, вам продают стиральную машину за 200 тыс. тенге – эту сумму банк-партнер дает вам в кредит, и за 10 месяцев по нему «набегут» проценты – 40 тыс. тенге. Магазин оформляет их в виде скидки.

Таким образом, отличать рассрочку от кредита вам поможет, прежде всего, договор. Поэтому всегда внимательно читайте договор, тщательно изучите каждый пункт. Финансовую и юридическую ответственность в конечном счете несете только вы!

Рассрочка и кредит – это большая ответственность!

Не важно, оформили ли вы рассрочку или кредит, но, если вы не платите за них, это грозит серьезными неприятностями. К примеру, вас могут привлечь к суду за неуплату по договору о предоставлении рассрочки. В случае неуплаты по кредитному договору, информацию о невыполнении обязательств кредитор будет обязан направить в кредитные бюро, и она будет отражена в вашей кредитной истории. Кредитор также может выставить платежное требование (в случае, если эта мера оговорена в договоре), и без дополнительного согласия должника определенная сумма будет списана с банковского счета. Кредитор может передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству. Поэтому лучше всегда вовремя закрывать свои долги!

Знайте, что если вы оказались в трудной финансовой ситуации, и по вашему кредиту возникла просрочка, то вы можете решить вопросы по реструктуризации своего займа напрямую с кредиторами.

Напомним, с 1 октября 2021 года введен единый обязательный для банков и микрофинансовых организаций порядок урегулирования просроченной задолженности граждан по банковским займам и микрокредитам. Порядок предусматривает проведение кредитором работы по рассмотрению заявления заемщика на реструктуризацию займа исходя из текущей платежеспособности заемщика.

Повышайте финансовую грамотность вместе с Fingramota.kz!

Баланың сөйлеу тілінің бұзылуы



Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға сөйлеу тіл кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде. Кез келген жаста сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс-әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншілігін шектейді. Бұл баланың жалпы жеке ықпал ретінде қалыптастыруна әсер етеді. Оның зияткерлік дамуы және мінез құлқының сипаттамасы жас шамасына жиі сай келмейді, ұжымдағы құрбы құрдастарымен қарым-қатынасы қиындайды. Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зиянды күштері, себептері (факторлары) немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз. Сөйлеу тілін меңгеру әр балада әр түрлі кезеңде және әр түрлі уақытта өтеді. Сөйлеу тілінің дамуының кешеуілдеуінің себептері: жүктілік кезіндегі және туған кезіндегі патология, есту мүшесінің зақымдануы, баланың психикалық дамуындағы жалпы артта қалуы, әлеуметтік депривацияның себептері. Сонымен сөйлеу тілінің дамуы мен оның бұзылуын түзету және сақтандыру-логопедиялық ықпал жасау барысының негізгі бағыты болып есептеледі. Сөйлеу тіліндегі мүкістердің патологиялық дәрежелеріне, белгілі бір мүшелерінің атқаратын қызметтерінің бұзылуына, зақымдануының уақытына, басты кемістіктердің ықпалына пайда болатын екінші бір ақаулықтардың көрінуіне байланысты олардың бір-бірінен айырмашылығы да әр алуан болып келеді. Олар әрқайсысының өзіне тән симптоматикалық және динамикалық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі салаға бөлінеді. Мұндай салаға дауыстың бірқалыптылығының бұзылуы, сөйлеу тіліндегі дауыс ырғағының бұзылуы, тұтықпа, дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу тілі мен оқу тілінің бұзылуы жатады.

Тіл бұзылуының себептері органикалық және функциональдық болып бөлінеді. Органикалық-түрлі зақымдардың нәтижесінде тіл аппараты және жүйке жүйесінің бөлімдерінің бұзылуы. Функциональдық – мұнда органикалық зақымдану болмайды, тек сөйлеу механизмдерінің функциясы бұзылады. Тілдің бұзылуы түрлі жаста, әсіресе жас балаларда көп кездеседі. Жиі кездесетін күрделі сөйлеу тіл кемістігін түзету үшін арнайы мамандардың кешенді көмегі қажет.

Педагогикалық диагностика өзінің мақсаты, міндеті, қолдану саласы бар ретінде қалыптасып, ғылымға дербес, жеке сала ретінде 20 ғасырдың екінші жартысында бөлініп шықты.

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндіктері шектелген балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау»

Заңына сәйкес Қазақстанда өмірінің алғашқы айларынан бастап-ақ дамуында мәселесі бар балаларға диагностикалық-түзете дамыту көмегін көрсету үшін ерте жастағы балаларға ерте көмек көрсету жүйесі ендіріле бастады. Балалар емханаларында және алғашқы медициналық-санитарлық мекемелерінде балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін анықтауды ұйымдастыру: балалардың кемшіліктерін дер кезінде анықтап, қажет болған жағдайда кешенді түрде терең зерттеу және көмек көрсету үшін оларды ПМПК-ке жіберу. Баланы скринингті тексеруден өткізген дұрыс.

Скринингті тексерудің міндеттері: сөйлеу тіл кемістігі бар балаларды анықтау; оларды терең зерттеп, кешенді тексеру және түзете дамыту, тәрбиелеу, оқыту мәселелерін шешу мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерге жолдама береді. Сөйлеу тілінің бұзылуын саралауды, сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері мен деңгейін, сондай-ақ оның интеллектуалдық даму деңгейіне сәйкестігін анықтауды логопед басқа мамандармен жүзеге асырады. Сөйлеу тіл кемістіктерін анықтау үшін невропатолог дәрігердің тексеруінен өткен дұрыс. Себебі бұл сөйлеу тіл кемістіктерінің себептерін анықтап, балаға қажетті емдеу жолдарын көрсетеді. Сөйлеу тіл бұзылымдарының себептерін анықтағаннан кейін, психофизиологиялық ерекшелігін, олардың потенциалды (ықтимал, болуы мүмкін) – ішкі мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескере отырып, мүмкіндігінше кемістігінің орнын толтыруға, қалпына келтіруге жағдай туғызып, түзету жолдарын қарастырады. Тіл кемістігі бар балаларды ПМПК жағдайында диагностикалау және кеңес беруді ұйымдастыруда, жұмысын құрудың жалпы қағидаларына (тәртіпаралық және отбасы-орталық) сүйенеді. Тәртіпаралық тексеру ПМПК пен әр саладағы мамандардың бірлесіп тексеруі, оның нәтижесін талқылағаннан кейін шыққан ақырғы қорытынды мен нұсқауды бекітуді ұсынады. Дамуында кемістігі бар балалармен емдеу және түзету жұмыстары ертерек басталса, соғұрлым жетістіктері сәтті болады. Баланың дамуындағы ерте кезеңінде көрсетілген психологиялық-педагогикалық көмектер кемістіктерді жартылай немесе толықтай жеңуге мүмкіндік туғызып, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін дамытып, мүмкіншілігі шектеулі балалардың санын азайтады. Қорытындылай келе ерте коррекциялық араласу медициналық-психологиялық-педагогикалық абилитация және реабилитация көзқараста ғана емес, сонымен әлеуметтік-экономикалық және этикалық көзқараста тиімді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ логопед маманы Лукпанова Ш.Н.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – МҮГЕДЕКТЕРГЕ

Жақсылыққа қайырымдылықпен жауап беру әр жанның болмысына біткен ізгі амал. Маңайындағы мұқтаждарға мейірімділік пен ізгілік, достыққа адалдық таныту – адамгершіліктің белгісі болса, адамзаттың барлығына «бауырым» деп қарау Абайдан қалған өсиет. Сөзіңнен емес ісіңнен, жүрегіңді жарып шығатын қайырлы іс жайында қанатты сөздер қазақ халқында жетіп артылады. Соның ішінде – «Адамның шын мағынасындағы білімді болуы үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім» және «Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам. Сөйтпін жүріп, адам атануға ұялмаймын» деген сөздер әрбір ақылы бар, жүрегі соғып тұрған адамға ой салуы тиіс. Ал, қазақтың ұғымында жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу – өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу.

Қаламыздың «Жеңіс» бульварындағы 36-үй мекенжайында орналасқан «Жанетта М» стоматологиясы қайы-

рымдылық акциясы аясында I, II, III топтағы мүгедектігі бар адамдарға көктем мезгілінде (наурыз, сәуір, мамыр айларында) және күз мезгілінде (қыркүйек, қазан, қараша айларында) тегін түрде тістерді профилактикалық тексеру және тіс жұлу қызметін ұсынатынын хабарлайды. Тегін стоматологиялық қызметті жеке кәсіпкер Н.О.Тергеуова қамтамасыз етеді. Аталған қызметті алу үшін мүдделі жандар жеке куәлік пен мүгедектігінің растайтындығы туралы анықтам (МӘСК) ұсынуы және алдын ала +7-747-197-64-48, +7-777-155-92-13 телефоны арқылы жазылулары қажет.

Халыққа қалтқысыз қызмет етумен қатар, мүмкүндігі шектеулі адамдарға тегін қызмет көрсету арқылы қайырымдылық жасап жүрген жандарға алғыс сезімімізді білдіреміз һәм жұмыстарына жетістік пен табыс тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
қала әкімінің мүгедектер мәселесі бойынша кеңесшісі

Егемен еліміздің ұлық мерекесі



25 қазан Республика күні – егемен еліміз үшін ең ұлық ұлттық мереке.

Дербес мемлекет болуды ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы аңсап, армандағаны, азаттық үшін ұзақ жылдар күрескені тарихтан белгілі.

1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап, егеменді Қазақстан әлемдік қауымдастықта өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады.

Бұл декларация еліміз тәуелсіздігінің іргетасы болды деуге толық негіз бар. Қазақ елі өзінің жеке территориясы мен шекарасы, өз елтаңбасы мен әнұраны, мемлекеттік туы, ұлттық валютасы, мемлекеттік тілі, азаматтығы мен жеке бюджеті бар дербес елге айналды. Бұл тарихи акт арқылы әлемде Қазақстан Республикасы бой көтерді. 2001 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы»

№267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды. Ол 2009 жылға дейін «Республика күні» ретінде аталып келді. Кейін бұл мереке күнтізбеден түсіп қалды.

Үстіміздегі жылдың 29 қыркүйек күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қазан – Республика күнін ұлттық мереке ретінде бекіту туралы заңға қойды. Осылайша Республика күні – бүкілхалықтық мерекеге айналып отыр.

Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн.

Осындай маңызы бар ұлық мереке күні еліміздің туы асқақтап, келешегі өркендей берсін дегім келеді.

Приозерск қалалық Қоғамдық келісім Кеңесінің төрағасы О. О. Айтбенбетов

Тіл – татулық тірегі



Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.-
деп ұлы жазушылардың бірі
Ғ.Мүсірепов айтпақшы тіл өте қажетті,
өйткені тіл арқылы бір – бірімізбен
барымызды сұрасып, қарым - қатынас
жасай аламыз. Қазақта тілі жоқ
халықты – “тұл” деп атайды Тілсіз
мемлекет болмайды. Біз ең алдымен
мемлекеттік тіліміз арқылы өзге елдерге
таныла аламыз, тіліміз арқылы өлеңімізді
айтып, тарихымызды толғап, жырымызды
жырлай аламыз.

Егемендік алып, тәуелсіздік тәжін
кигелі талай жылдар өтіп, еліміз түпкілікті
жаңару үдерісін бастан өткерді. Біз төл
тарихымызды қастерлеп, мемлекеттілігімізді
нығайтып, әлемдегі алпауытты елдердің
санатына енуді мақсат еттік. Ғасырлар
қойнауынан тарихымыз, тіліміз сондай анық,
таза күйінде бізге жеткен қастерлі мұрамыздың
бірі- бірлік пен ынтымақтың жығылмас
туы, мемлекетіміздің тұғырлы тірегі,
өткені мен болашағының айқын көрінісі,
мемлекеттік тіліміз - қазақ тілі.

Бойымызға анамыздың сүтімен дарыған
ана тілімізді ардақтап, ұрпақтан-ұрпаққа
жеткізу басты парызымыз. Ана тілінің
қадір-қасиетін ерте кезден ақ түсіне
білген халқымыз оны қасиетті мұраға
балап, қастерлейді. Қазақ тілі ерте
кезден-ақ оралымды, ырғақты, аса қуатты,
бай тіл. Ол жан дүниеміздің ай-

насы, тәуелсіздігіміздің айғағы іспетті.

Тіл болашағының жарқын болуы саналы да қуатты жастардың қолында. Әр халықтың тағдырына жауапты қазіргі жас буын еліміздің болашағының иесі екендігін естен шығармағанымыз жөн. Себебі, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Тіл тағдыры - ел тағдыры. Демек, бұл бір адамға ғана қатысты емес, барлық қоғамға қатысты. Әр халықта тіл сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы ғана емес, өзге елдердің алдында дәрежесін айқындап, тарихынан хабар беретін, еңсесін биік көтеріп, болашағына болжам жасайтын қастерлі де қасиетті тұғырлы қаруы екені мәлім. Баршаға мәлім қай тілде сөйлесек, сол тілде ойлаймыз. Сол тілде ойлаған соң, жан дүниеміз сол тілге бейімделіп, сол тілдің жанашырына айналамыз.

Әр адамның азаматтық қасиетті- салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүйумен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек. Біліп қана қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану аясын кеңейтіп, тілге деген жанашырлық сезімінің болуынан көрініс табады. Ендеше, татулық пен тұрақтылықтың негізінде болған туған тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарылуы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр.

Т.Тукенова

№2 ЖББМ КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мемлекеттік мүліктерді

жекешелендіру бойынша жұмыстар

Ағымдағы жылы «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ келесі нысандарды жекешелендіру бойынша жұмыстар атқарылды:

Жекешелендіруге жататын жылжымайтын нысандар тізімі:

- 1) Мүліктік кешен Қайнар көшесі, 18;
- 2) Кисунько көшесі, 16, тұрғын емес бөлме 2;
- 3) Мүліктік кешен (АСС) Космонавтов көшесі, 12.
- 4) Тұрғын емес құрылыс Тәуелсіздік көшесі, 18;
- 5) Мүліктік кешен (АССС) Транспортная көшесі, 2.

Мүліктік кешен Қайнар көшесі, 18 – бағалау есебіне сәйкес нысанның құны 4 159,0 мың теңгені құрады. Нысан аукцион арқылы, бағаны жоғарлату әдісі арқылы сатылды.

Нысанның сатылған құны – 4 159,0 мың теңге.

Кисунько көшесі, 16, тұрғын емес бөлме 2 - бағалау есебіне сәйкес нысанның құны 3 818,0 мың теңгені құрады. Нысан аукцион арқылы, бағаны жоғарлату әдісі арқылы сатылды.

Нысанның сатылған құны – 3 818,4 мың теңге.

Мүліктік кешен (АСС) Космонавтов көшесі, 12– бағалау есебіне сәйкес нысанның құны 1 620,3 мың теңгені құрады. Нысан аукцион арқылы, бағаны жоғарлату әдісі арқылы сатылды.

Нысанның сатылған құны –1 782,3 тыс. теңге.

Тұрғын емес құрылыс Тәуелсіздік көшесі, 18 – бағалау есебіне сәйкес нысанның құны 14 948,9 мың теңгені құрады. Нысан аукцион арқылы, бағаны төмендету әдісі арқылы сатылды.

Нысанның сатылған құны – 239,6 мың теңге.

Мүліктік кешен (АССС) Транспортная көшесі, 2– бағалау есебіне сәйкес нысанның құны 9 388,9 мың теңгені құрады.

2022 ж. 26.08. және 2022 27.09. өткен аукциондар қатысушылардың жоқтығына байланысты өткізілмеген болып танылды.

Нысанды сату бойынша келесі бағаны төмендету аукционын 2022 ж. 25.10. кейін өткізу жоспарланып отыр.

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ

Қазақ тілінің мәртебесі қашан толықтай күшке енеді ?

Өшше тілім, мен де бірге өшемін! – деп , акын Әбілдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, күдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Қазіргі таңда біздің қазақ тіліне қарағанда орыс тілінің Қазақстандағы мәртебесінің шарықтап тұрған кезеңі. Өз қазақ тілімізді күнделікті өмірде қолданбасақ, бақса ұлттың біліп таңуына көмектеспесек, барлық құжат қазақ тілінде күшке енбесе қазақ тілінің мәртебесі өсе ме? Қазақ тілі ұлы, басқа тілдерге қарағанда ерекше екені бүкіл әлем мойындағаны айқын, өз тіліміздің мәртебесі өз елімізде тренд болмаса одан не қайыр. Ұлттық тілді құрметтеу әрбір қазақ орындауға тиіс маңызды міндет. Ал Қазақстан азаматтары құрметтеуге тиіс ұлттық тіл- қазақ тілі. Тіліміз «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» статусын 1989 жылы 22 қыркүйекте иеленді сонымен қатар осы жылы « Қазақстан Республикасының тілдер туралы» заңы қабылданды. Қай елде көрдіңіз өз мемлекеттік тілі бола тұра орыс не неміс тілінде сөйлегенін? Тіл мәселесі өте өзекті тақырыптардың бірі және біз осы тақырыппен 30 жыл бойы күресіп келеміз. Тәуелсіздік алмастан алдын сонша сағынып, аңсаған тіліміздің шығаршы осы ма? Тіліміздің өспей бір сатыда қалып қалуына мына біз қоғам кінәліміз. Қоғамымызда қазақ тілін білмей безіп кеткендер қанша ма, өз ортасында қазақ тілінде сөйлеуге ұялатындар қанша ма . Қазіргі таңда тілдің шалалануы көбіне жастар арасында белен алып келеді.Жастар – мемлекеттің болашақ тірегі, оны одан әрі әлемге танытып мерейін асқақтатушылар.Сонда не үшін тілді бұрмалап, оны қолдануға ұяламыз? Керісінше, осындай байтақ елде дүниеге келіп, қазақ тілінде сөйлеп жатқанымызға қуануымыз керек . Тіпті туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бердей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік,» – деп, ашына айтқаны ойға келеді.Ана тілін ұмытқан адамнан ел болашағын қолы тапсыру қиын әрине. Болшақ жастардың қолында деп көкірек ұра айтып жүрген ұраны-

мызды , іске асыратын жастар өз тілін танып құрметтемесе онда болашағымыз не болмақ . Ұлттың күші - тілі мен жері. Әлсіздігіміз осы, өзге тұрмақ, өз арамьзда басқаның тілін қолданамыз .

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі қазақ тілін дамытудың біраз жолын ұсынған болатын. Сындырла қоғамдық диалог, Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жоба шараларын ұсынған болатын . Бірақ осы күнге дейін біз қалаған сіз бен біз болып аңсаған нәтижеге қол жеткізе алмай жатырмыз. Қазіргі қоғам белсенділеріне Қазақ тілінде сөйлеуді қалай тренд қыла аламыз? Деген сұраққа қазақша контент аз, қазақша стэндап жоқ деп ақталатынын естіп жүргеніміз өтірік емес. Мүмкін осы контент жағын шынымен де дұрстасак үйімізде өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа қазақ тілінде сөйлеуіне бір септігіміз тиетін болар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдаған алғашқы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңді келеді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» деген болатын. Енді кезек қазақ тілінің шарықтау кезеңін күту. Ес болашағы жастар өз тіліміздің мәртебесін көтеруге атсалысайық. Ұрпағымыз салықалы да сауатты болуын қаласай болшағымыз үшін алаңдауды бүгіннен бастайық. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайтыны рас. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруда, тіл жаппай қолданыс тіліне айналар күн де алыс емес. Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін, көк туымыз желбіреп, айбынымыз асқақтай берсін!

Измилебова Тойжан Ганиқызы
Абылай хан Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
2 курс студенті

Наследственное дело

После смерти Сахалов Муханбедия Копеевич, умершего 22 января 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87751627005

Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №15/15, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.